

Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актілерді, олардың мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актілерді тіркеудің, оларды тіркеуден бас тартудың және күшін жоюдың, бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тоқтата тұру, қайта бастау, мерзімдерін ұзарту туралы хабарламалардың, қатысушылар құрамын өзгертудің және бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру және олардың нәтижелері туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының м.а. 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 162 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 30 желтоқсанда № 21964 болып тіркелді.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрық 01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі.**

**Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 28.11.2022 № 236 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 146-бабының 2-тармағына сәйкес "Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 13 қазандағы № 563 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы туралы ереженің 19-тармағының 37) тармақшасын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 28.06.2024 № 82 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актілерді, олардың мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актілерді тіркеудің, оларды тіркеуден бас тартудың және күшін жоюдың, бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тоқтата тұру, қайта бастау, мерзімдерін ұзарту туралы хабарламалардың, қатысушылар құрамын өзгертудің және бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру және олардың нәтижелері туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну қағидаларын бекіту туралы осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 28.11.2022 № 236 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықтың көшірмесін мәлімет үшін мүдделі мемлекеттік органдарға, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың прокурорларына және оларға теңестірілген прокурорларға, сондай-ақ Комитеттің аумақтық органдарына жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет Төрағасына жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жариялануға жатады және 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Бас Прокурорының м.а*

*Б. Асыллов*

Қазақстан Республикасы  
Бас Прокурорының міндетін  
атқарушысының  
2020 жылғы 25 желтоқсандағы  
№ 162 бұйрығына  
1-қосымша

**Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) профилактикалық бақылау және (немесе) тексеруге бара отырып, мерзімдерін ұзарту туралы актілерді, қосымша актілерді, оларды тіркеуден бас тартуды және олардың күшін жоюды, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылау мерзімдерін тоқтата тұру, қайта бастау, ұзарту туралы хабарламаларды және (немесе) тексеруді тіркеу қағидалары бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) барып профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру және олардың нәтижелері туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну қағидалары**

**Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 28.11.2022 № 236 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) профилактикалық бақылау және (немесе) тексеруге бара отырып, мерзімдерін ұзарту туралы актілерді, қосымша

актілерді, оларды тіркеуден бас тартуды және олардың күшін жоюды, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылау мерзімдерін тоқтата тұру, қайта бастау, ұзарту туралы хабарламаларды және (немесе) тексеруді тіркеу қағидалары бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) барып профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру және олардың нәтижелері туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау (бұдан әрі - профилактикалық бақылау) және (немесе) тексеруді мерзімдерін ұзарту туралы актілерді, қосымша актілерді, оларды тіркеуден бас тартуды және олардың күшін жоюды, профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру мерзімдерін тоқтата тұру, қайта бастау, ұзарту туралы хабарламаларды тіркеу тәртібін айқындайды, бақылау және қадағалау органдары үшін профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру және олардың нәтижелері туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі (бұдан әрі – ТСОБТ) – тіркеу және есепке алу субъектісі енгізетін мемлекеттік бақылау нысандары туралы мәліметтер қамтылатын, сондай-ақ оларды электрондық форматта олардың тіркелуі жүзеге асырылатын ақпараттық жүйе;

2) тіркеу және есепке алу субъектілері – қызметіне бақылау мен қадағалау жүзеге асырылатын жеке және заңды тұлғалардың, оның ішінде мемлекеттік органдардың, заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерінің қызметіне профилактикалық бақылау мен тексеру жүргізуге Қазақстан Республикасының заңдарымен уәкілеттік берілген мемлекеттік органдар;

3) QR-код – матрицалық штрих кодтар немесе екі өлшемдік штрих кодтар түрі.

4) уәкілетті орган – құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі органдары.

3. Профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актілерді, олардың мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актілерді тіркеудің, оларды тіркеуден бас тартудың және күшін жоюдың, профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тоқтата тұру, қайта бастау, мерзімдерін ұзарту қатысушылар құрамын өзгертудің және бақылау және (немесе) тексеру субъектісіне (объектісіне) бару арқылы, профилактикалық бақылау нәтижелері туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну тәртібі туралы хабарламаларды тіркеу тәртібі және олардың нәтижелерін тіркеуді, тіркеуден бас тартуды, күшін жоюды қамтиды:

профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актілерді, профилактикалық бақылау және тексеру мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актілерді (бұдан әрі – бақылау актілер);

профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеру мерзімдерін тоқтата тұру, қайта бастау, ұзарту, қатысушылар құрамының өзгеруі туралы хабарламалар (бұдан әрі – хабарламалар);

тексеру нәтижелері туралы актілерді, анықталған бұзушылықтар бойынша нұсқамаларды есепке алуды, профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеру туралы ақпараттық есептік құжаттарды (бұдан әрі – АЕҚ) ұсынуды қамтиды.

Тіркеу және есепке алудың субъектілері ТСОБТ – ға АЕҚ-ның мынадай нысандарын толтырады:

"Бақылау мен қадағалау және (немесе) тексеру субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау туралы мәліметтерді есепке алу карточкасы" (бұдан әрі – №1-П карточкасы) осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысаны бойынша;

"Бақылау мен қадағалау және (немесе) тексеру субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мерзімдерін тоқтата тұру, қайта бастау, ұзарту, қатысушылардың құрамын өзгерту туралы талон-хабарлама" (бұдан әрі – талон-хабарлама) осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысаны бойынша;

"Мемлекеттік бақылау нәтижелері туралы талон" (бұдан әрі – нәтижелер туралы талон) осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысаны жатады.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 28.06.2024 № 82 ( ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Профилактикалық бақылау және (немесе) тексерулерді тіркеу мен есепке алуды ТСОБТ-да жүзеге асырады.

**2-тарау. Бақылау актілерін тіркеудің, оларды тіркеуден бас тартудың және күшін жоюдың, профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тоқтата тұру, қайта бастау, мерзімдерін ұзарту туралы хабарламалардың, қатысушылар құрамын өзгертудің және профилактикалық бақылау мен қадағалау және (немесе) тексеру туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну тәртібі, сондай-ақ ТСОБТ-ны жүргізу**

**1-параграф. Бақылау актілерін тіркеу**

5. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі – Салық кодексі) сәйкес мемлекеттік кірістер органдары жүзеге асыратын қарама-қарсы тексерулерді қоспағанда, бақылау актілері уәкілетті органда тіркеледі.

6. Бақылау актілерін тіркеу электрондық (осы Қағидалардың 7-тармағында көзделген жағдайларда) немесе қағаз (осы Қағидалардың 10-тармағында көзделген жағдайларда) нысандарда бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) орналасу мекенжайы бойынша уәкілетті органда профилактикалық бақылаудың және (немесе) тексерудің басталуы алдында жүзеге асырылады.

Бұл ретте, тіркеу және есепке алу субъектісі бақылау және қадағалаудың әрбір субъектісін бақылау актісін ресімдейді.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодекстің (бұдан әрі – Кәсіпкерлік кодекстің) 129-бабының 15-тармағында, 144-бабының 8-тармағында, 146-бабының 2, 3-тармақтарында көзделген жағдайларда тексеру тағайындау туралы актілерді тіркеу тексеру басталғаннан кейінгі келесі жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

"Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-3-бабымен көзделген жағдайда, тексеруді тағайындау туралы актіні тіркеу тексеру басталғаннан кейін екі жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру мерзімдерін ұзарту туралы қосымша акт уәкілетті органда бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) орналасқан жері бойынша электрондық және қағаз нысанда профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру мерзімі аяқталғанға дейін тіркеледі.

Профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру мерзімдері ұзартылған кезде тіркеу және есепке алу субъектісі тексерілетін субъектіні ұзартудан бір жұмыс күні бұрын хабардар етеді.

7. Профилактикалық бақылау және (немесе) тексерулерді есепке алудың ведомстволық автоматтандырылған жүйесі болмаған кезде бақылау актілерін электрондық тіркеу ТСОБТ-да тіркеу және есепке алу субъектісі № 1-П нысанды карточканың деректемелерін толтыра отырып, тексеру парағындағы тексеруге, профилактикалық бақылауға және (немесе) тексеруге жататын талаптарды көрсете отырып, тексеру, профилактикалық бақылау мен тексеруді жүргізу үшін негіз болған, келесі құжаттарды қоса бере отырып жүзеге асырады:

1) Кәсіпкерлік кодекстің 144-бабының 5-тармағымен көзделген жоспардан тыс тексеруді тағайындауға негіз.

Жоспардан тыс тексеруді тіркеу үшін негіз:

Кәсіпкерлік кодекстің 144-бабы 5-тармағының 2) тармақшасында тіркеу және есепке алу субъектісі тексеру және профилактикалық бақылау нәтижесінде анықталған бұзушылықтарды жою бойынша нұсқамаларды орындамау немесе нұсқаманың орындалуы туралы ақпаратты бір реттен көп бермегені туралы ақпаратты ұсынады;

Кәсіпкерлік кодекстің 144-бабы 5-тармағының 5) тармақшасының тіркеу және есепке алу субъектісі тіркеу кезінде адамның өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға және жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне зиян келтірудің, сондай-ақ жойылмауы адамның өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге алып келетін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзушылықтарың нақты фактілері бойынша ақпаратты ұсынады;

2) Кәсіпкерлік кодекстің 144-бабының 3, 4-тармақтарында, 144-2-бабының 4-тармағында көзделген профилактикалық бақылау мен тексеру жүргізудің басталғаны туралы хабарлама (хабарлама фактісін растау).

Тіркеу және есепке алу субъектісі уәкілетті органына Кәсіпкерлік кодекстің 144-бабының 8, 9-тармақтарында, 146-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларда тексеру жүргізу үшін негіз болған материалдарды ұсынады.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 28.06.2024 № 82 ( ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Тіркеу және есепке алу субъектілері Кәсіпкерлік кодекстің 129-бабының 16-тармағында көзделген бақылау сатып алуды, тергеп-тексеруді, сондай-ақ мемлекеттік бақылауды жүргізу нәтижелері туралы уәкілетті органды олар аяқталғаннан кейін келесі жұмыс күні ішінде ТСОБТ-ға нәтижелер туралы талонды № 1-ІІ карточкасын ұсыну жолымен хабардар етеді.

Кәсіпкерлік кодекстің 129-бабының 16-тармағында көзделген бақылау сатып алу, тергеп-тексеру, сондай-ақ мемлекеттік бақылау немесе олардың нәтижелері жарамсыз деп танылған және (немесе) олардың күші жойылған, есептен шығарылған жағдайда, тіркеу және есепке алу субъектісі осы Қағидалардың 21-тармағында көзделген тәртіппен тиісті талонға ТСОБТ-ға жіберіледі.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 28.06.2024 № 82 ( ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. Бақылау актілерін электрондық тіркеген кезде тіркеу және есепке алу субъектісі QR-кодтары көрсетілген осы Қағидаларға 4-қосымшасына сәйкес нысан ТСОБТ-дан электрондық форматта "Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау туралы актіні", осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электронды форматта "Бақылау және қадағалау және (немесе) тексеру субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мерзімдерін ұзарту туралы қосымша акті" басып шығарады.

10. ТСОБТ-ға қол жеткізудің болмауына әкеп соқтырған техникалық ақау (сөніп қалу/электрмен қоректендіру немесе байланыс жүйелері істен шығу, ақпараттық жүйелер жұмысының ақауы) (бұдан әрі – техникалық ақау) жағдайда тіркеу және есепке алу субъектісі (объектісі) қағаз жүзіндегі "Бақылау және қадағалау және (немесе) тексеру субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тіркеу журналында" тіркеу үшін уәкілетті органға осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қағаз форматта бақылау актілерін жібереді.

Осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Бақылау және қадағалау және (немесе) тексеру субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акті", осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан

бойынша "Бақылау және қадағалау және (немесе) тексеру субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мерзімдерін ұзарту туралы қосымша акті" қағаз нысанда осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Тексеруді тағайындау туралы, профилактикалық бақылауды тағайындау туралы актілерді, профилактикалық бақылау және (немесе) тексерулер мерзімдерін ұзарту туралы қосымша акт тіркеу туралы мөртабанды" қою арқылы тіркеледі.

11. Бақылау актілерді қағаз форматта тіркеу кезінде тіркеу және есепке алу субъектісі:

- 1) осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген құжаттарды;
- 2) бақылау актілерінің түпнұсқасы мен көшірмесін екі данада;
- 3) Кәсіпкерлік Кодекстің 24-бабының талаптарына сәйкес кәсіпкерлік субъектісінің санатын растайтын құжатты;
- 4) тексерілуге жататын талаптарды көрсете отырып тексеру парағын ұсынады.

12. Техникалық істен шығу болған жағдайларда тіркеу және есепке алу субъектісі осы Қағидалардың 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Техникалық ақаулар туралы акт" жасайды.

Техникалық ақауды жою сәтінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмеген мерзімде тіркеу және есепке алу субъектісі ТСОБТ-ға тіркеу нөмірлерін сақтай отырып, қағаз нысандарда ұсынылған мәліметтерді енгізеді.

13. Тіркеу және есепке алудың бір субъектісінің қызметкерлерінде ТСОБТ-ға қол жеткізу болмаған жағдайда, заңды тұлғаның "Электрондық цифрлық қолтаңба" (бұдан әрі – ЭЦҚ) дербес кілтін пайдалана отырып, басқа тіркеу және есепке алу субъектісінде немесе уәкілетті органда ТСОБТ-ға қол жеткізу арқылы АЕҚ мәліметтерін енгізуге рұқсат етіледі.

14. Уәкілетті орган осы Қағидалардың 7, 11-тармақтарында көрсетілген құжаттарды тіркеу және есепке алу субъектісі берген сәттен бастап екі жұмыс күні (жұмыс уақытын ескере отырып) ішінде:

1) мыналарды:

профилактикалық бақылау және (немесе) тексеруді ұйымдастыру және жүргізу тәртібі мен талабын регламенттейтін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкестігін бақылау актісі;

АЕҚ-тың толық толтырылуын, графикалық көшірмелердің болуын және сапасын (оқылмайтын);

осы тармақшаның бірінші және екінші абзацтарында атап өтілген құжаттардың уақтылы ұсынылуын, тағайындауға негіз болған материалдардың болуын, профилактикалық бақылау және (немесе) тексерудің мерзімі мен кезеңділігін, оларды тағайындау кезінде тіркеу және аумақтық есепке алу субъектісінің қағидатының сақталуын тексереді;

2) мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

тағайындау туралы актіні тіркеу;

тіркеу үшін қажетті графикалық көшірмелерді салмаған, толық салмаған, сапасыз (оқылмайтын) салған, № 1-П карточкасының деректемелері толтырылмаған немесе толық толтырылмаған немесе дұрыс емес (қате), сондай-ақ тіркеу және есепке алу субъектісі аумақтылық қағидатын бұзған жағдайда, пысықтауға қайтару;

тіркеуден бас тарту.

Осы Қағидалардың 16-тармағында көрсетілген бақылау актілерін тіркеуден бас тарту үшін негіздер болған жағдайда, осы Қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес нысан бойынша электрондық форматта "Профилактикалық бақылау және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актіні, профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актіні тіркеуден бас тарту туралы қорытынды", осы Қағидалардың 12-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қағаз форматта, "Профилактикалық бақылау және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актіні, профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актіні тіркеуден бас тарту туралы қорытынды" ресімделеді.

Бақылау актілерін қағаз форматта тіркеуден бас тартқан жағдайда, осы Қағидалардың 13-қосымшасына сәйкес нысан бойынша уәкілетті органның "Профилактикалық бақылау және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актіні, профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру мерзімін ұзарту туралы қосымша актіні тіркеуден бас тарту туралы мөртабанын" қояды.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 28.06.2024 № 82 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**15. Алып тасталды – ҚР Бас Прокурорының 28.06.2024 № 82 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **2-параграф. Бақылау актілерін тіркеуден бас тарту**

16. Бақылау актілерін тіркеуден бас тарту келесідей негіздердің бірі болған кезде жүргізіледі:

1) тіркеу және есепке алу субъектісінің құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша профилактикалық бақылау және (немесе) тексеруді тағайындау, сол сияқты тексеруге тиісті өкілеттіктері жоқ адамдарға профилактикалық бақылау және (немесе) тексеруді тапсыру;

2) профилактикалық бақылау және (немесе) тексеруді тағайындауда не олардың мерзімін ұзартуды белгіленген шектеулі мерзімдерден асыру немесе оны уақтылы ұзартпау;

3) иесі бүркемеленген өтініш бойынша тексеру тағайындау;

4) Кәсіпкерлік Кодекстің 151-бабының б) тармақшасының талаптарын бұза отырып тексеру тағайындау;



5) профилактикалық бақылау тізімінде көрсетілмеген, профилактикалық бақылауды тағайындау;

6) профилактикалық бақылауды тағайындаған кезде оны жүргізудің тәуекелдерін бағалау жүйесін қолдануды немесе кезеңділігін және (немесе) еселігін бұза отырып қалыптастырылған профилактикалық бақылаудың тізіміне сәйкес профилактикалық бақылауды тағайындау;

7) жоспардан тыс тексеру тағайындауға негіз болатын жазбаша растаудың болмауы (сұрау салу, тапсырма, арыз, шағым, өтініш, қарсы тексеру тағайындау кезіндегі актінің көшірмесі және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер);

8) жоспардан тыс тексеру тағайындауға негіз болған құжатта көрсетілген уақыт аралығы шеңберінен немесе дәлелдерден тыс шығатын мәселелер немесе кезең бойынша тексеру тағайындау;

9) тексеру тағайындаудың тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамаларында көрсетілген жағдайлардан басқа, бір тағайындау туралы актіде бірнеше тексерілетін тексеру субъектілерін көрсету;

10) профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді ұйымдастыру мен жүргізу тәртібі және шарттарын реттейтін, міндетті түрде хабарлау туралы талап Кәсіпкерлік Кодекспен және басқа да Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарымен көзделген кезде тексеру немесе профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру субъектісіне Кәсіпкерлік Кодекстің 144-бабының 3), 4) тармақтарында, 144-2-бабының 2-бабының 4) тармағында көзделген хабарлама жасау тәртібін бұзу;

11) жоспардан тыс тексеру немесе профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша өрескел бұзушылық болмаған кезде Кәсіпкерлік Кодекстің 144-бабы 5-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жоспардан тыс тексеру тағайындау, сол сияқты, егер олардың нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталмаған болса нұсқамалардың (қаулыларда, ұсынымдарда, хабарламаларда) орындалуын не көрсетілген нұсқамаларда (қаулыларда, ұсынымдарда, хабарламаларда) бұзушылықтарды жою мерзімдері басталмаған болса, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалардың орындалуын бақылау мәселесі бойынша тексеру тағайындау;

12) профилактикалық бақылау және (немесе) тексеруді ұйымдастыру мен жүргізудің тәртібі мен шарттарын реттейтін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын бұзу.

17. Бақылау актілерін тіркеуден бас тартылған жағдайда, тіркеу және есепке алу субъектісі көрсетілген шешімге уәкілетті органның жоғары тұрған лауазымды адамына немесе сотқа шағымданады.

**3-параграф. Профилактикалық бақылау және (немесе) тексеруді аяқтау, алып тастау, оның күшін жою кезінде АЕҚ, сондай-ақ талон-хабарламаларды ұсыну**

18. Тіркеу және есепке алу субъектісі талон - хабарламаны мынадай жағдайларда:

1) Кәсіпкерлік кодекстің 147-бабының 3-тармағында көзделген тәртіппен тексеруге қатысатын адамдардың құрамы өзгерген кезде шешім қабылданған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде;

2) профилактикалық бақылау және (немесе) тексеруді ұйымдастыру мен жүргізудің тәртібі мен шарттарын реттейтін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көрсетілген профилактикалық бақылау және (немесе) тексеруді тоқтата тұру және қайта бастау кезінде.

Бұл ретте Салық кодексінің 146-бабында көзделген талаптарды қоспағанда, профилактикалық бақылау және (немесе) тексеруді тоқтата тұру және қайта бастау себептерін көрсету қажет;

3) Кәсіпкерлік кодекстің 148-бабында көзделген жағдайларда профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізу мерзімдері ұзартылған кезде жүргізіледі.

**Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 28.06.2024 № 82 ( ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

19. Тексеру аяқталған соң, әр тексеру тағайындау туралы акті бойынша тексеру нәтижелері туралы бір ғана акті шығарылады.

Тексеру парақтарының талаптарын бұзу анықталған тексеру нәтижелері туралы әрбір акт бойынша бұзушылықтарды жою туралы бір ғана нұсқама беріледі.

Профилактикалық бақылау қорытындылары бойынша бұзушылықтар анықталған жағдайда, жою мерзімдерін көрсете отырып, оларды жою туралы нұсқама беріледі.

**Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 28.06.2024 № 82 ( ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

20. Профилактикалық бақылау мен тексеру мерзімі аяқталған кезде тіркеу және есепке алу субъектісі (нақты аяқталу мерзімінен кешіктірмей) ТСОБТ-де профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру нәтижелері туралы талон толтырады, оның мәліметтері бойынша, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (банктік құпия) тексеру нәтижелері туралы актіні қоспағанда, осы Қағидалардың 14-қосымшасына сәйкес нысанда "Тексеру нәтижелері туралы акт", осы Қағидалардың 15-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Бұзушылықтарды жою туралы нұсқама" және 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша қорытынды" қалыптастырылады.

Осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген жағдайларда тіркеу және есепке алу субъектісі профилактикалық бақылау және (немесе) тексерудің аяқталу мерзімінен кешіктірмей, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тексеру нәтижелерін қоспағанда, осы Қағидалардың 17-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Тексеру

нәтижелері туралы актіні", осы Қағидалардың 18-қосымшасына сәйкес анықталған " Бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы" қоса тіркей отырып, профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру нәтижелері туралы талонды уәкілетті органға ұсынады.

20-1. Профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді, тергеп-тексеруді жүзеге асыру және (немесе) жүргізу нәтижелері бойынша жедел ден қою шараларын қолдану үшін негіз болып табылатын талаптардың бұзылуы анықталған жағдайда тіркеу және есепке алу субъектілері жедел ден қою шараларын қолданады.

Тіркеу және есепке алу субъектілері жедел ден қою шараларын қолданған сәттен бастап үш сағат ішінде уәкілетті органды ТСОБТ-ға нәтижелер туралы талон толтыру арқылы хабардар етеді.

Жедел ден қою шараларын қабылдау туралы қадағалау актісі жарамсыз деп танылған және (немесе) оның күшін жойған жағдайда, субъект тіркеуде және есепке алуда осы Қағидалардың 26-тармағында көзделген тәртіппен ТСОБТ нәтижелері туралы талонның мәліметтеріне түзету енгізіледі.

**Ескерту. 20-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Бас Прокурорының 28.06.2024 № 82 ( ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

21. Тіркеу және есепке алу субъектісі:

талон – хабарлама шешім қабылданған сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде ( тексеру аяқталу мерзімінен кешіктірмей) растайтын құжаттарды қоса бере отырып, мемлекеттік бақылаудың күшін жою және есептен шығару туралы;

профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жарамсыз (заңсыз) деп ( тіркеу және есепке алу субъектісі не сот актісі заңды күшіне енген кезде сот) таныған жағдайда, бір жұмыс күні ішінде растайтын құжаттарды қоса бере отырып, мемлекеттік бақылауды жарамсыз (заңсыз) деп тану туралы талон;

осы Қағидалардың 7, 10-тармақтарында атап өтілген құжаттарды тексеру нәтижелері туралы талонды ұсына отырып, профилактикалық бақылауды немесе тексеруді жүргізу туралы фактіні анықтаған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде уәкілетті органға жібереді.

**Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 28.06.2024 № 82 ( ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

22. Тексерулерді жүргізу, ұзарту, тоқтата тұру, қайта бастау, бақылау актілерді рәсімдеу тәртібінің ерекшеліктері, мерзімдері, тексерулердің нәтижелері мен аяқталуы: мемлекеттік кірістер органдары үшін Салық кодексімен;

кеден органдары үшін "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының кодексімен;

бәсекелестікті қорғау саласындағы органдар үшін Кәсіпкерлік кодекстің 20-тарауымен;

мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары үшін "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2020 жылғы 30 шілдесіндегі № 6-НҚ Нормативтік қаулысымен бекітілген Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылауды жүргізу қағидаларымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21070 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 19 наурыздағы № 392 бұйрығымен бекітілген Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылауды жүргізу қағидаларымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16689 болып тіркелген);

мемлекеттік реттеу, бақылау және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын қадағалауды жүзеге асыратын органдар үшін "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен;

прокуратура органдары үшін "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңымен және "Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен.

**Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 28.06.2024 № 82 ( ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

#### **4-параграф. Бақылау актілерін тіркеудің күшін жою**

23. Бақылау актілерін тіркеудің күшін жоюды профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді ұйымдастыру тәртібі мен шарттарын регламенттейтін Қазақстан Республикасы заңнама нормаларының бұзылуы анықталған жағдайда, оны тіркеу туралы шешім қабылдаған уәкілетті органның басшысы немесе жоғары тұрған уәкілетті орган жүзеге асырады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген бұзушылықтар фактілері анықталған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде уәкілетті орган немесе жоғары тұрған уәкілетті орган ТСОБТ арқылы, осы Қағидалардың 18-1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актіні, профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актіні тіркеудің күшін жою туралы қорытынды" (бұдан әрі – күшін жою туралы қорытынды) электрондық форматта рәсімдейді.

Техникалық іркелістер болған жағдайда уәкілетті орган немесе жоғары тұрған уәкілетті орган, осы Қағидалардың 18-2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актіні, профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актіні тіркеудің күшін жою туралы қорытынды" қағаз форматта шығарады.

Күшін жою туралы қорытындыда профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді ұйымдастыру және жүргізу тәртібі мен шарттарын регламенттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының бұзылуы көрсетіледі.

Күшін жою туралы қорытынды ол келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде орындалуы тиіс. Күшін жою туралы қорытындыға шағымдану оның қолданылуын тоқтата тұрмайды.

Күшін жою туралы қорытынды тіркеу және есепке алу субъектісінің жоғары тұрған органына уәкілетті орган басшысының, жоғары тұрған уәкілетті орган басшысының немесе жоғары тұрған уәкілетті орган басшысының орынбасарының ЭЦҚ-сы арқылы қол қойған электрондық құжат арқылы ТСОБТ-ға жіберіледі.

Уәкілетті органның немесе жоғары тұрған уәкілетті органның басшысы бақылау актілерін тіркеу жойылған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде ЭЦҚ-сы арқылы қол қойған электрондық құжат арқылы немесе тапсыру туралы хабарламамен немесе өзге де қолжетімді тәсілмен тапсырысты пошта жөнелтілімі нысанында қабылданған шешім туралы тексерілетін субъектіні хабардар етеді.

**Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 28.06.2024 № 82 ( ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

23-1. Бақылау актілерін тіркеудің күшін жою үшін негіздер:

1) профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді ұйымдастырудың тәртібі мен шарттарын регламенттейтін Қазақстан Республикасы заңнама нормаларын бұзу фактісін белгілеу;

2) бақылау актілерін тіркеу жарамсыз (заңсыз) деп танылған заңды күшіне енген сот актілері.

**Ескерту. 23-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Бас Прокурорының 28.06.2024 № 82 ( ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

23-2. Бақылау актілерін тіркеудің уәкілетті органы немесе жоғары тұрған уәкілетті органы күшін жойғаннан кейін тіркеу және есепке алу субъектісі Кәсіпкерлік кодекстің 156-бабында көзделген тәртіппен бақылау актілерінің күшін жояды және шешім қабылданған кезден бастап бір жұмыс күні ішінде растайтын құжаттарды қоса бере отырып, мемлекеттік бақылауды жарамсыз (заңсыз) деп тану туралы талонды ТСОБТ арқылы жібереді.

**Ескерту. 23-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Бас Прокурорының 28.06.2024 № 82 ( ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**5-параграф. ТСОБТ-ны жүргізу**

24. ТСОБТ-да профилактикалық бақылау мен тексерулерді тіркеу мен есепке алудың электрондық форматы жүзеге асырылады.

Тіркеу және есепке алу субъектілері профилактикалық бақылау мен тексерулердің есепке алуға қалыптастыруға және жүргізуге, мәліметтерді ТСОБТ-ға енгізу арқылы тәуекелдерді басқару процестерін электрондық форматта автоматтандыруға қатысады.

ТСОБТ-ны қалыптастыру және ақпараттық жүйелердің өзара іс-қимылы тексерілетін тексеру субъектілерінің (объектілерінің), сондай-ақ тіркеу және есепке алу субъектісінің электрондық форматта болуының аумақтық қағидатына сәйкес техникалық даярлығына қарай кезең-кезеңмен жүзеге асырылады.

ТСОБТ-ға енгізілген мәліметтердің дұрыстығын, тұтастығын, объективтілігін және уақтылығын қамтамасыз ету тіркеу және есепке алу субъектісінің бірінші басшысына, сондай-ақ профилактикалық бақылау мен тексеруді жүргізуге жауапты тұлғаға жүктеледі.

№ 1-П карточкасының деректемелерін тексеру нәтижелері туралы талонның және хабарлама талонының тексеру жүргізуге жауапты адам толтырады.

25. ТСОБТ-ға қол жетімділікті заңды тұлғаларға арналған ЭЦҚ кілттері болған жағдайда тіркеу және есепке алу субъектісінің электрондық өтінімді жіберуі арқылы уәкілетті орган қамтамасыз етеді.

Тіркеу және есепке алу субъектілері ТСОБТ-ға аумақтылық және ведомстволық бағыныстылық қағидатына сәйкес қол жеткізе алады.

Электрондық нысанда жасалған құжаттарды тіркеу және есепке алу субъектілері және уәкілетті орган ЭЦҚ арқылы куәландырады.

26. ТСОБТ-ға нәтижелер туралы талон мәліметтерін түзетуді уәкілетті орган негіздер (заңды күшіне енген сот актілері, тіркеу және есепке алу субъектісінің шешімі) болған кезде тіркеу және есепке алу субъектісінің уәжді өтініші (өтінішхаты) негізінде өтінішхат келіп түскен сәттен бастап келесі жұмыс күні ішінде жүргізеді.

27. ЭЦҚ-ға қол қоюға өкілеттігі бар адам ол арқылы куәландырған электрондық форматтағы бақылау актілері "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз жеткізгіштегі бақылау актілеріне тең күшке ие.

28. № 1-П карточкасының, тексеру нәтижелері туралы талонның және талон-хабарламаның мәліметтері негізінде уәкілетті орган осы Қағидалардың 19-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Мемлекеттік бақылау нысандарын тіркеу және есепке алу туралы" № 1-П есебін (бұдан әрі – № 1-П есеп) қалыптастырады.

Электрондық форматтағы № 1-П әрбір өңір бойынша және тәркеу және есеп субъектілері бойынша есеп тоқсан сайын өсіп келе жатқан қорытындымен қалыптастырылады және уәкілетті орган есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірілмей бекітеді.

Уәкілетті органдардың № 1-П есептері деректерінің негізінде орталық аппарат № 1-П жиынтық есепті қалыптастырады.

Республика бойынша № 1-П нысанды жиынтық есепті уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына есептік кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне ұсынады.

Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) профилактикалық бақылау және (немесе) тексеруге бара отырып, мерзімдерін ұзарту туралы актілерді, қосымша актілерді, оларды тіркеуден бас тартуды және олардың күшін жоюды, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылау мерзімдерін тоқтата тұру, қайта бастау, ұзарту туралы хабарламаларды және (немесе) тексеруді тіркеу қағидалары бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) барып профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру және олардың нәтижелері туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну қағидаларының 1-қосымшасы

Нысан

### **Бақылау мен қадағалау және (немесе) тексеру субъектісіне (объектісіне) профилактикалық бақылау туралы мәліметтердің есепке алу карточкасы**

1. Профилактикалық бақылау және тексеру нөмірі және мемлекеттік органның тіркелген күні: [нөмірі мен күні (автоматты түрде толтырылады)]
2. Профилактикалық бақылау және тексеру нөмірі және ҚР БП ҚСЖАЕК аумақтық органының тіркелген күні: [тіркеу нөмірі және күні (автоматты түрде толтырылады)]
3. Профилактикалық бақылау мен тексеруді тағайындаған мемлекеттік органның атауы: [анықтамалықтан сөздік деректеме]
4. Мемлекеттік органның деңгейі: [республикалық -1, облыстық – 2, қалалық -3, аудандық – 4, ауылдық – 5]
5. Тексеру түрі (XXX): [тексеру түрлері бойынша сөздік деректеме]
6. Профилактикалық бақылау мен тексерудің құқықтық негізі [мәтіндік деректеме]
7. Тексеру негізі: [тексеру негіздері бойынша сөздік деректеме]
8. Профилактикалық бақылау және тексеру мерзімі – бастап: [күні] дейін: [күні]
9. Тексерілетін кезең– бастап: [күні] дейін: [күні]
10. Алдыңғы тексерудің нөмірі:
- 10.1 Өтініш нөмірі:
- 10.2 Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізіліміндегі нөмірі:

11. Тағайындалған профилактикалық бақылау және тексерудің мәні: [Талаптары профилактикалық бақылауға және тексеруге жататын нормативтік құқықтық актілер нормаларының тізбесі]
- 11.1 Тағайындалған профилактикалық бақылау және тексерудің мәселесі: [Талаптары профилактикалық бақылауға және тексеруге жататын нормативтік құқықтық актілер нормаларының тізбесі]
12. Тексерілетін субъектінің жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі: [нөмір]
13. Тексерілетін субъектінің атауы: [мәтін (автоматты түрде толтырылады)]
14. Тексерілетін объектінің атауы: [мәтін (объект карточкасынан автоматты түрде толтырылады)]
- 14.1 Тексерілетін объектінің орналасқан жері: [мәтін (объект карточкасынан автоматты түрде толтырылады)]
15. Тексеруді жүзеге асыратын адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы, қолы: [мәтін (ЖСН бойынша толтырылады)]
16. Тексеру жүргізу үшін тартылатын мамандар, консультанттар және сарапшылар туралы мәліметтер [мәтін (ЖСН бойынша толтырылады)]
17. Тексеру парағының талаптары / бақылау саласы [анықтамалықтағы сөздік деректемелері]

Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) профилактикалық бақылау және (немесе) тексеруге бара отырып, мерзімдерін ұзарту туралы актілерді, қосымша актілерді, оларды тіркеуден бас тартуды және олардың күшін жоюды, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылау мерзімдерін тоқтата тұру, қайта бастау, ұзарту туралы хабарламаларды және (немесе) тексеруді тіркеу қағидалары бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) барып профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру және олардың нәтижелері туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну қағидаларының 2-қосымшасы

нысан

**Бақылау мен қадағалау және (немесе) тексеру субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мерзімдерін тоқтата тұру, қайта бастау, ұзарту, қатысушылар құрамын өзгеру туралы талон-хабарлама**

1. Тексеруді тағайындаған мемлекеттік органның атауы: [органның коды бойынша сөздік деректеме]
2. Тіркеу субъектісі актісінің нөмірі: [нөмір]
- 2.1. Актіні шығарған күні: [күні]
3. Уәкілетті органда тіркеудің реттік нөмірі: [нөмір]
- 3.1. Актіні тіркеу күні: [күні]
4. Тексеру субъектісінің түрі: [1-жеке тұлға; 2-занды тұлға; 3-жеке кәсіпкерлік субъектісі, оның ішінде: 3-1 – микрокәсіпкерлік, 3-2-шағын кәсіпкерлік, 3-3-орта кәсіпкерлік, 3-4-ірі кәсіпкерлік; 4-мемлекеттік



ұйымдар, оның ішінде: 4-1-мемлекеттік орган; 4-2 - мемлекеттік кәсіпорындар; 4-3 – мемлекеттік мекемелер; 5 - коммерциялық емес ұйымдар]

5. Тексеру субъектісінің атауы: [мәтін]

5.1. Тексеру субъектісінің орналасқан жері: [мәтін]

6. Тексеру объектісінің түрі: [қызмет саласы бойынша сөздік деректеме]

6.1. Тексеру объектісінің атауы: [мәтін]

6.2. Тексеру объектісінің орналасқан жері: [мәтін]

7. Хабарлама жіберілді: [1 – тоқтата тұру, 2 – қайта бастау, 3 – тексерушілер құрамын өзгерту] туралы

7.1. Хабарлама жіберген күні: [күні]

7.2. Ұзарту мерзімі: [күні] –нен

7.3. :[күні] дейін

7.4. Тексеру мынадай себеп бойынша ұзартылды: [1-арнайы зерттеулер, сынақтар, сараптамалар жүргізуге байланысты; 2-жұмыс көлемінің ауқымды болуына байланысты; 3-өзгеде]

8. Тексерудің нақты басталған күні: [күні]

9. Тексерудің нақты аяқталған күні: [күні]

10. Тексеруді жүргізген адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы, қолы: [мәтін]

Уәкілетті органның қызметкері толтырады

11. Талон-хабарламаның уәкілетті органға келіп түскен күні: [күні]

12. Талон-хабарламаны қабылдаған уәкілетті орган қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), лауазымы, қолы: [мәтін]

13. Өзгеде белгілер: [мәтін]

Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) профилактикалық бақылау және (немесе) тексеруге бара отырып, мерзімдерін ұзарту туралы актілерді, қосымша актілерді, оларды тіркеуден бас тартуды және олардың күшін жоюды, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылау мерзімдерін тоқтата тұру, қайта бастау, ұзарту туралы хабарламаларды және (немесе) тексеруді тіркеу қағидалары бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) барып профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру және олардың нәтижелері туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну қағидаларының 3-қосымшасы нысан

**Мемлекеттік бақылау нәтижелері туралы талон**

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 28.06.2024 № 82 ( ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Мемлекеттік бақылауды тағайындаған мемлекеттік органның атауы: [органның коды бойынша сөздік деректеме]
2. Мемлекеттік бақылау актісінің нөмірі: [нөмір]
3. Уәкілетті органда тіркеудің реттік нөмірі: [нөмір]
  - 3.1. Актіні тіркеу күні: [күні]
4. Мемлекеттік бақылаудың нақты басталған күні: [күні]
5. Мемлекеттік бақылаудың нақты аяқталған күні: [күні]
6. Мемлекеттік бақылаудың нәтижелері: [1 – бұзушылықтар анықталмады; 2 – бұзушылықтар анықталды; 3 – бақылауды жалғастыру; 4 – бақылаудың күшін жою]
7. Заңнама саласында бұзушылықтар анықталды: [Мемлекеттік бақылау кезінде талаптары бұзылған нормативтік құқықтық актілер тізімі]
8. Тексеру жүргізу арқылы құқықтары мен мүдделері қорғалды: [1 – жеке тұлғаның; 2 – заңды тұлғаның; 3 - жеке кәсіпкерлік субъектісінің, оның ішінде: 3-1 – микрокәсіпкерлік, 3-2 - шағын кәсіпкерлік, 3-3 - орта кәсіпкерлік, 3-4 – ірі кәсіпкерлік; 4 - мемлекеттік ұйымның, оның ішінде: 4-1 -мемлекеттік органның; 4-2 – мемлекеттік кәсіпорынның; 4-3 – мемлекеттік мекеменің; 5 – коммерциялық емес ұйымның]
9. Қабылданған шаралар: (1- әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалды, 2- нұсқама енгізілді, 3-өзге шара қолданды, 4-жедел ден қою шарасы қолданды).
  - 9.1. Жедел ден қою шарасының түрі: (деректеме)
10. Әкімшілік хаттаманың нөмірі: [нөмір]
11. Мемлекеттік бақылаудың қорытындысы бойынша жауаптылыққа тартылды: [1- жеке тұлға; 2–заңды тұлға; 3- жеке кәсіпкерлік субъектісі, оның ішінде: 3-1 – микрокәсіпкерлік, 3-2 -шағын кәсіпкерлік, 3-3 -орта кәсіпкерлік, 3-4 – ірі кәсіпкерлік; 4- мемлекеттік ұйымдар, оның ішінде: 4-1-мемлекеттік орган; 4-2 - мемлекеттік кәсіпорындар; 4-3 – мемлекеттік мекемелер; 5 - коммерциялық емес ұйымдар]
12. Анықталған залал сомасы: [сомасы]
13. Оның ішінде мемлекеттік бақылаудың нәтижесінде өндірілді: [сомасы]
14. Оның ішінде мемлекет пайдасына: [сомасы]
15. Мемлекеттік қаржылық бақылау органымен рәсімдік бұзушылықтар сомасы анықталды: [сомасы]
16. Мемлекеттік қаржылық бақылау органымен бюджеттік қаражатты тиімсіз пайдалану сомасы анықталды: [сомасы]
17. Мемлекеттік қаржылық бақылау органымен басқа да бұзушылық сомасы анықталды: [сомасы]
18. Материалдар сотқа мәжбүрлеп келесідей әрекет ету үшін жіберілді: [1-қызметті тоқтата тұру; 2-лицензияны тоқтатата тұру; 3-қызметке тыйым салу]

19. Материалдар құқық қорғау органдарына жіберілді: [органның коды бойынша сөздік деректеме]

20. Жіберілген күні: [күні]

21. Құқық қорғау органының Ақпараттық есепке алу кітабында (Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірінғай тізілімі) тіркелді: [нөмір]

22. Тіркеу күні: [күні]

Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) профилактикалық бақылау және (немесе) тексеруге бара отырып, мерзімдерін ұзарту туралы актілерді, қосымша актілерді, оларды тіркеуден бас тартуды және олардың күшін жоюды, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылау мерзімдерін тоқтата тұру, қайта бастау, ұзарту туралы хабарламаларды және (немесе) тексеруді тіркеу қағидалары бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) барып профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру және олардың нәтижелері туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну қағидаларының 4-қосымшасы нысан

---

қала/облыс бойынша ҚР БП ҚСЖАЕК аумақтық және оған теңестірілген органның атауы  
Акт 20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_ тіркелді  
Тіркеді

---

QR-код

**Бақылау мен қадағалау және (немесе) тексеру субъектісіне (объектісі) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акті**

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 28.06.2024 № 82 ( ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№ \_\_\_\_\_  
20 \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

1. Мемлекеттік органның атауы \_\_\_\_\_

2. Профилактикалық бақылау, тексеру жүргізуге уәкілетті адамның (адамдардың) тегі,  
аты, әкесінің аты (ол бар болса) және оның лауазымы

3. Профилактикалық бақылау, тексеру жүргізу үшін тартылатын мамандар, кеңесшілер  
және сарапшылар туралы мәлімет

4. Тексерілетін субъектінің, объектінің атауы (профилактикалық бақылау, тексеру жүргізу тағайындалған заңды тұлғаның немесе оның филиалының және (немесе) өкілдігінің атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), оның орналасқан жері, жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес-сәйкестендіру нөмірі, аумақтың учаскесі

5. Тағайындалған профилактикалық бақылау, тексеру нысаны

6. Профилактикалық бақылау, тексеру жүргізудің мерзімі 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

7. Профилактикалық бақылау, тексеру жүргізудің құқықтық негіздері, оның ішінде нормативтік құқықтық актілердің профилактикалық бақылауға, тексеруге жататын міндетті талаптары \_\_\_\_\_

8. Тексерілетін кезең 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

аралығында

9. Актіге қол қоюға уәкілетті адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

---

10. QR-код

11. Заңды тұлға басшысының немесе оның уәкілетті адамының, жеке тұлғаның бақылау

мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актіні алғаны немесе алудан бас тартқаны


туралы қолтаңбасы \_\_\_\_\_

Ескерту:

осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы"

2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 1-тармағына

сәйкес қағаз жеткізгіштегі құжатпен бірдей.



\*\*\*штрих-код ТСОБТ-дан алынған және электрондық-цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған деректерді қамтиды Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексінің 155-бабында бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру кезіндегі бақылау және қадағалау субъектісінің не оның уәкілетті өкілінің құқықтары мен міндеттері көзделеді.

МОБИЛЬНОЕ ПРИЛОЖЕНИЕ  
ДЛЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ



Тексерудің негізділігін "Qamqor" ұялы қосымшасын жүктеу немесе [qamqor.gov.kz](http://qamqor.gov.kz) сілтемесіне кіру арқылы тексере аласыз

Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) профилактикалық бақылау және (немесе) тексеруге бара отырып, мерзімдерін ұзарту туралы актілерді, қосымша актілерді, оларды тіркеуден бас тартуды және олардың күшін жоюды, бақылау және қадағалау

субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылау мерзімдерін тоқтата тұру, қайта бастау, ұзарту туралы хабарламаларды және (немесе) тексеруді тіркеу қағидалары бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) барып профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру және олардың нәтижелері туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну қағидаларының 5-қосымшасы

нысан

**Бақылау мен қадағалау және (немесе) тексеру субъектісіне (объектісі) бару арқылы профилактикалық бақылауды жүргізу мерзімдерін ұзарту туралы қосымша акті**

№ \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

1. Мемлекеттік органның атауы

---

2. Тексеру жүргізуге уәкілетті адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде) және оның лауазымы

---

3. Тексеру жүргізу үшін тартылатын мамандар, консультанттар және сарапшылар туралы мәліметтер

---

---

4. Тексерілетін субъектінің, объектінің атауы (заңды тұлғаның немесе оның филиалының және (немесе) өкілдігінің атауы, оған қатысты тексеру жүргізу тағайындалған

жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде), оның орналасқан жері, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі, аумақтың учаскесі \_\_\_\_\_

---

5. Тағайындалған тексерудің нысанасы \_\_\_\_\_

